

10.77.21.

## ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҚЫЛМЫС ТУРАЛЫ ІЛІМНІҢ ШАРИҒАТПЕН САБАҚТАСТЫҒЫ

Куралова Ляззат Абилжановна

Сулейман Демирель атындағы Университеті

### Аннотация

Аталған мақалада қазіргі уақыттағы заман талабына сай қабылданған қылмыс әлеміне қатысты заңдардың шариғатпен үндестігі қарастырылады. Негізгі қайнар көзін шариғат деп алып, қылмыстың шығу тектері анықталады.

Қылмыстық құқықтың негізгі міндеттерінің бірі қылмыс болып табылатын қоғамға қауіпті іс-әрекеттерді анықтау, оларға жазаның түрі мен көлемін белгілеу болып табылады. Бірақ қылмыстық құқық осы міндеттерді іске асырып қана қоймай, қылмыстардың қоғамға қауіптілік дәрежесін, кінәні ауырлататын немесе жеңілдететін жағдайларды, жаза тағайындау және жазадан босату кезінде ескерілуге тиісті қажеттіліктерді, т.б. анықтаумен айналысады. Аталған мақалада қылмыстық құқықты қамтитын барлық ұғымдардың шариғатпен сабақтастығын зерделейді. Салыстырмалы-саяси тәсілді қолдана отырып, дінді берік ұстанған ежелгі қазақ халқы мен қазіргі ҚР заңдары мен құқықтық қоғамын салыстырып, сол қоғамға діни-құқықтық сананың ықпалын көрсетеді; мәселеге қатысты жарық көрген ғылыми-зерттеу жұмыстарын қатаң сыни талдаудан өткізе отырып, деректік негіздерді жүйелейді; заң мен шариғат аясындағы қылмыстың байланысын ашып, өзара тәуелділіктерін анықтайды.

В этой статье рассматривается гармонизация законов с шариатом в отношении мира преступности, которые приняты с требованиями современности. Взяв шариат основным источником, определяется происхождение преступления.

Одной из основных целей уголовного права является выявление опасных деяний общества, которое является преступлением и установление тип наказания и его срок. Но уголовное право не только выполняет эти обязанности, но также занимается идентификацией степени опасности преступления, обстоятельства отягчающих или смягчающих преступления, назначить наказание и учитывать необходимость при освобождении от наказания и т.д. В этой статье рассматривается непрерывность всех концепций, которые включает в себя уголовным право с шариатом. Используя сравнительно-политический метод, сравнивая общество древнего казахского народа, который придерживался

законов религии, с законодательством и правовое общество Республики Казахстан и влияние религиозно-правового сознания на это общество; систематизирует базы данных со строго критическим анализом опубликованных исследований по этому вопросу; определяет взаимозависимость и связь с преступностью в сфере между законом и шариатом.

**Кілт сөздер:** шариғат, мұсылман құқығы, шариғат бойынша қылмыс және қылмыс құрамы, адам өмірі мен денсаулық құқығы, жеке меншік құқығы, кінәсіздік презумпциясы.

Адамзат Адам Ата мен Хауа Анамыздан бастау алады. Сол уақыттан бері адамның өмір сүру кезеңінде істеуге болатын және тыйым салынған дүниелер, сонымен қатар, таңдау еркіндігін беретін құқықтары біздің дәуірімізге дейін сақталып келеді. Бұл - дініміздің мықтылығының куәсі. Ислам жер бетіне қоғамның кішкентай мәселесінен адам табиғатының тұрақтылығына дейін қамтып, мінсіз заңдар жүйесімен келді. Тыйымдардың адам өміріне қажеттілігін: адам өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, тәрбие мен тәртіптің маңыздылығын түсінген әлем халқы өз тұрғындарының ерекшеліктеріне байланысты тыйым салу мен құқық беру негіздерінен тұратын ережелер қабылдай бастады.

Қазақ даласына ислам 7-ғасырда Орта Азияны бағындырған арабтармен бірге келді. Қазақтарға дінді қабылдату үшін мәжбүрлеудің қажеті болмады, өйткені шаманизм олардың талап-тілектері мен мақсат-мүдделерін қанағаттандыра алмады. Олар исламға дейін тәңірлік сенім мен шаманизмнің құрсауында болатын. Түрік тілдес халыққа исламның келуі жат емес. Тәңірі, Көк Тәңірі, Тәңір құтына сенетін түрік тілдес халық бір күдіретті күш Алланың бар екеніне сенетін. Қазақ халқының ежелден дінге деген ерекше құрметі шариғат тыйымдарын орындау үшін қиындық тудырмады. Қазақ мемлекеті шариғат заңдарымен ұштасатын мемлекет заңдарын қабылдап, адам құқықтары мен міндеттерін айқындап, шариғаттың күнә мен харам деп тапқан әрекеттерін мемлекет заңдары қылмыс деп тауып, оларға жаза тағайындап ретке келтірді. "Қасым ханның қасқа жолы", "Есім ханның ескі жолы", Тәуке ханның "Жеті жарғысы" осыған дәлел. Қазақ ислам дініне бет бұрып, Алланың түзу жолына түсе бастаған кезінен бастап Ханафи діни-құқықтық мектебінің қағидаларын дұрыс деп есептеп, ұлттық дәстүрлі жол етіп қалыптастырды. Әбу Ханифа қалаған сүннеттік ағым басқаларына қарағанда, халықтың әдет-ғұрып заңдарына сай болуы себепті қазаққа өте тиімді діни құқықтық-мектеп болды.

Бәріне белгілі, мұсылмандардың басты қасиетті кітабы - Құран, шариғаттың негізгі іргетасы. Оның әртүрлі атаулары бар: Кітап, Мұбин, Кәрім, Қалам, Хип, Худа және т.б. Құранның 55 атауы жазылған. Ол

шариғаттың алғашқы көзі, әлем мәдениеті мен адамзат өркениетінің ең ірі ескерткіштерінің бірі. Құранның негізгі ережелері Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.у.) қаза тапқаннан кейінгі жиырма жылдан астам уақыттан кейін жиналып жазылған. Негізінен мұсылмандардың басты діни кітабы болған Қасиетті Құран адамдардың білім деңгейін, ойлау тәсілін, шынайы әлемге деген көзқарасын бейнеледі. Онда әртүрлі уағыздар, салт-дәстүрлер мен құқықтық ережелер, дұғалар мен тілектер, аңыз әңгімелер қамтылады.

Ислам қоғамның шариғатпен қорғалған негізгі құндылықтарына құрметпен қарады. Олар:

1. дін;
2. өмір;
3. ақыл;
4. ұрпақ жалғастыру;
5. жеке меншік. [1]

Ислам діни кең таралған дүние жүзі мемлекеттерінде, Сауд Арабиясы, Ливия, Тунис, Йемен, Біріккен Араб Әмірлігі, Иран, Пәкістан, Ауғанстан, Индонезия, мемлекет заңдары толықтай шариғатқа негізделген. Бұл мемлекеттерде құқықты жасаушы - Алла, оны қабылдау және орындау бәріне міндетті. Ислам мемлекеттері әлеуметтік-экономикалық және саяси сипаттамаларымен ерекшеленгені сияқты, олардың мемлекеттік-құқықтық дамуына әсер ететін ислам және ислам заңдарының ықпалы мен ауқымы бойынша бір-бірінен ерекшеленеді. Халықтың діни, наным-сенімдері мемлекетті тану үшін негізгі фактор болып табылады. Дін тарихын білмейінше мемлекет халқының тұрмысы мен өмірін, мәдениеті мен тарихын терең тану мүмкін емес.

Шариғат («тура жол, дұрыс жол»; нұсқау) — имандылықты, адамгершілік пен діни ойданды қалыптастыратын, сондай-ақ мұсылмандардың мінез-құлқын реттеуші, Құран мен сүннет негізіндегі нұсқаулар жиынтығы, бір сөзбен айтқанда, мұсылман заңдарының жүйеленген негізі. [2] Қазіргі қазақ қоғамында "шариғат" сөзіне көпшілік тартына қарайтыны белгілі. Дегенмен, шариғаттың негізгі мақсаттарының бірі - жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренетін органы қалыптастыру. Мемлекет заңдары да осыны көздейді және азаматтардың құқықтары мен қоғамның мүддесін қорғайды. Мұсылмандарда адамзаттың құқығы мына негіздермен реттеледі: құран - исламның қасиетті кітабы; сүннет - Мұхаммед Пайғамбарымыздың (с.а.у.) істері мен сөздерінің жиынтығы; иджма - мұсылман ғалымдарының бір көзқарасқа келген пікірлері; қияс - ұқсастық бойынша үкім шығару. Шариғат төрт элементті қамтиды:

- 1) исламның діни доктринасы;
- 2) мұсылмандық мораль мен этика;

3) «Құдай мен құдайға сенушілердің қарым-қатынасын» реттейтін нормалар, яғни, негізгі діни міндеттерді орындау тәртібі;

4) мұсылмандардың өздерімен және мұсылман еместермен қарым-қатынаста жүру ережелері.

Кез келген қоғамның қылмыстық құқығында құқық бұзушылық, қоғамға қауіптілік, кінәлілік, жазаланушылық ұғымы кездеседі. Ислам құқығында құқықбұзушылық Алланың әміріне қарсы іс-әрекет деп қарастырылса, мемлекет заңдары бойынша заңға сыйымсыз іс-әрекет деп танылады. Ал шариғатқа негізделген қылмыс пен жаза - егіз ұғымдар.

Шариғатта қылмыс қылмыстық құқықтағы кеңінен талқыланған сұрақтардың бірі болып табылады. "Қылмыс" деген сөз шариғатта арнайы ұғым ретінде қалыптаспаған. Бірақ қоғамға қауіпті іс-әрекеттердің нәтижесінде зиян келтіру, зардапқа әкеп соғу жағдайларында, ондай іс-әрекеттерді қайтадан болдырмау мақсатында, алдын алу үшін үлгі ретінде белгілі бір шаралар қолданған. Ол - жаза. Қылмыс үшін жаза институты заңның сақталуын қадағалайды, қамтамасыз етеді.

Орта ғасырдың белсенді құқықтанушылары және қазіргі заман зерттеушілері құқықбұзушылықтар түрлерінің көптеген топтамаларын жасаған болатын, соларды талдау арқылы мұсылмандық қылмыстық құқықтың өзіндік ерекшелігін жақсы түсінуге болады. Олардың көбісінің негізінде екі басты критерий жатыр:

1) қандай да бір теріс қылық үшін жазаның анықталу деңгейі;

2) бұзылған құқықтар мен мүдделердің сипаты. [3, 103-б.]

Шариғатта қылмыстық заң Жалпы және Ерекше бөлімдер деп бөлінбейді.

Тек қылмыстар жазасы бойынша 3 түрге бөлінеді:

1. құранда жаза мөлшерлері көрсетілген іс-әрекеттер (хадд);

2. жеке адамдарға қарсы қылмыстар (джинаят);

3. соттың шешімі бойынша жаза ретінде түзеу қолданылатын іс-әрекеттер (таъзир). [4, 83-б.]

Хадд қоғамның мүддесін сақтауға бағытталған. Құранмен сәйкестендіріліп бекітілген жаза болса, оларды жеңілдетуге де, қатайтуға да, кешірім жасауға да болмайды. Оларға: неке адалдығын бұзу, неке адалдығын бұзды деп жала жабу, ұрлық, қарақшылық, тәртіпсіздік.

Джинаят (қысас). Егер адам қасақана басқа адамға физикалық зиян келтірсе немесе адам өлтірсе, жаралы немесе қайтыс болған адамның отбасы кек алуға құқығы бар. Отбасының екі таңдауы болады: қанға-қан не материалдық көмекті қабылдау және кешіру. Құранда: «Оларға тәуратта: жанға жан, көзге көз, мұрынға мұрын, құлаққа құлақ, тіске тіс және жараларға да, қарама-қарсы төлеу (қысас) жаздық. Дегенмен біреу, оны кешірім етсе, сонда ол оған кәппарат болады (өз күнәсы кешіледі.) Және кім Алла түсірген заң бойынша билік етпесе, міне

солар залымдар.» (Мәида сүресі, 45-аят) Бұл жаза тек қылмыскердің әрекеті қасақана жасалса ғана, заңды деп есептеледі. Кек алу абайсызда кісі өлтіргені мен абайсызда дене жарақатын әкелгені үшін қолданылмайды. Алла Тағала айтады: **"Әй мүміндер! Сендерге қысас (есе қайтару) парыз етілді: Азатқа азат, құлға құл, әйелге әйел (өлтіріледі). Дегенмен оған туыс жағынан кешірілсе, оның ережеге үйлесуі екінші жақтың да оған дұрыс төлеуі қажет. (Егер қысас кешіріліп, құнға тоқтаса, алушының орынсыз егеске қысас істемеуі, берушінің де дұрыс орындауы керек.) Міне осы, Раббылары жағынан жеңілдік және мәрхамет. Ал кімде-кім бұдан кейін шектен шықса, (кек сақтаса) ол үшін күйзелтуші азап бар."** (Бақара сүресі, 178-аят) Сонымен қысас жазасының артықшылығы тараптар соттан тыс келісімге келе алады. Төлем алмай-ақ қылмыскерді кешіру рұқсат етілген. Сонымен қатар, көптеген ірі мұсылман заңгерлерінің пікірі бойынша, қасақана кісі өлтірген қылмыскерді кешіру оның жазалануынан жақсырақ. Егер өлген адамның мұрагерлері болмаса, жаза құқығы билеушіге берілді, ол кісі өлтірушіні кешіре алмайды, бірақ өлім жазасын қан үшін төлеммен алмастыруға құқылы. Сондай-ақ, Пайғамбар ұлын өлтірген әкеге өлім жазасын алып тастағаны белгілі. Егер қылмыстың субъективті жағы анықталса, өлтірілген адамның мұрагерлері өлім жазасына тартуды қаласа, онда өлтіруші осы жазадан құтыла алмайды.

Түсініктемелердің көпшілігінің қорытындысына сәйкес, бірнеше адам өлтіруге қатысқан кезде олардың бәрі жазаға тартылды. Бірақ, егер олардың кем дегенде біреуі, өзінің жеке қасиеттеріне байланысты жазаға тартылмайтын немесе қасақана әрекет ете алмайтын болса, онда кісі өлтірудің барлық кінәсі «кисса» принципі бойынша бөлінбейді, осы жазадан босатылды, ол қанға төленген төлеммен ауыстырылды.

Жәбірленушіні азаптауға ниеті болмаған жағдайда, жеңіл (муффат), ал қалған жағдайларда ауыр (мугаласат) төлем төленеді.

Таъзир - басқа қылмыстардың барлығы осы категорияға жатады. Шарифат аясында, қоғам мен оқиғаның жағдайына байланысты сот өзіндік шешім шығарады. Кез келген қылмыспен күрестің шарифаттың барлық мақсаттарына жауап беретін қылмыстық-құқықтық құралы шарифатқа байланысты заңды жаза болып табылады. Сондықтан исламның қылмыстық құқығында осы категория құрамына кіретін жазалар тізімі толық емес.

Қылмыс құрамы қоғамға қауіпті әрекет немесе әрекетсіздікті қылмыс қатарына жатқызуға мүмкіндік беретін қылмыстың объективтік жақтары мен субъективтік жақтарының жиынтығы болып табылады. Барлық құрамы түгел қылмыс тек қана заңның Ерекше бөлімінде емес, сонымен қатар қылмыстық құқықтың Жалпы бөлімінде де қаралады.

Қылмыстық құқық пәні бойынша әрбір қылмыс төрт элементтен (қылмыс объектісі, қылмыстың объективтік жағы, қылмыс субъектісі, қылмыстың субъективтік жағы) тұрады.

Төрт құрам элементі барлық қылмыс түрін сипаттаушы негізгі құрал болып табылады. Сүнниттіктің төрт ғылыми зерттеулерінде қылмыс түрлерінің түсініктерін ғылыми-теориялық және тәжірибелік жағынан талдаған, суреттеген. Осының негізінде әрбір қылмысқа жеке жаза белгіленген.

Шариғат бойынша қылмыстардың жалпы объектісі - дін және мемлекет негіздері, тұлғаның өмірі, денсаулығы, қадір-қасиеті, намысы, мүліктің түрлері, әсіресе жеке мүліктер, қоғамдық тәртіп және оның қауіпсіздігі. Діни ережелер сауда-саттық тәртіп ережелері, әділ соттау негіздері және басқа бірқатар қоғамдық қарым-қатынастар да бола алады. Ашып айта кетейік, діни қарым-қатынастардың өзінің бірнеше көріністері сипат алады. Мысалы, діннен бас тарту, Алланың бар және бір екеніне күмәндану, пайғамбарға тіл тигізу, көп құдайшылық, исламнан безу сияқты әрекеттер бір қылмыстың түрлі көріністерін білдіреді. Бұл қылмыстардың жалпы объектісі діни қарым-қатынастар, айыпталушының қылмыстық әрекеті діни қарым-қатынастарға залал келтіруге бағытталған. Адам бұл қылмыстарды жасау арқылы ислам дінінің қоғамдағы беделін төмендетуге әрекет етеді. Исламның алғашқы таралған кездерде бұл қылмыстың қоғамға қауіптілік деңгейі жоғары болып саналғаны белгілі. Себебі айыпты осындай әрекеттері арқылы көпшіліктің ислам дінінен бет бұруына себепші болуы мүмкін болған. Сондықтан бұл қылмысқа қатаң жаза “хадд” белгіленуі негізсіз емес.

Қылмыс құрамының негізгі элементтерінің бірі – қылмыстың объектісі болып есептеледі. Қылмыс объектісі ретінде қоғамға қауіпті іс-әрекет бағытталатын, қылмыстық заң арқылы қорғауға алынған қоғамдық қатынастарды айтамыз. Қылмыстық-құқықтық теориясында қылмыстық объектімен бірге, қылмыстың заты да айтылады. Оларды бір-бірімен қосып жіберу орынсыз болады. Қылмыстың объектісі қоғамдық қарым-қатынастар болса, қылмыстың пәні – мүлік, зат болып табылады. Мұндай жағдайда қылмыстық құқықта қылмыстың объектісі мен қылмыстың заты неліктен бір құрам элементінің мәселелері ретінде қарастырылады деген сұрақ туындайды.

Бұл мәселе туралы С.М. Әпенев “Бұл екі ұғымды бірдей көруге болмайды, себебі бұл ұғымдардың қылмыстық құрамды ашуда және міндетті белгі болып саналуында айырмашылықтар бар. Қылмыстың заты қылмыс объектісіндей заңмен қорғауға алынған қоғамдық қатынастарды білдірмейді, ол бірнеше мағыналарда объектіге жақындығын байқатады немесе қылмыс объектісінен кейін бірден анықталуы қажет ететіндігін көрсетеді. Біріншіден, қылмыстың заты

жасалған қылмыстарда көрініс алуы арқылы заңмен қорғалатын объектіге нұқсан келгенін білдіреді. Мысалы ұрлық қылмысының объектісі болып табылатын меншікті ақша, киім, тамақ, бұйым құрап, ондай игіліктер қылмыстың затын білдіреді. Яғни қылмыс затының көрініс табуы объектіге зиян келгенін білдіре алады. Екіншіден, қылмыс заты міндетті белгі болып табылатын құрамдарда бұл белгі болмаса, қылмыс объектісі бола алмайды. Үшіншіден, қылмыс затының қоғамдағы маңыздылығы объектінің құндылық дәрежесін, қылмыстың ауырлық деңгейін көрсете алады. Мысалы, ұрлық (188-бап) және ерекше құндылығы бар заттарды жымқыру (193-бап). Төртіншіден, қылмыс затының құрамдарда бірдей анықталуы, ол қылмыстардың объектісінің де бірдей екендігін көрсетеді. Мысалы, ұрлық, тонау, қарақшылық қылмыстарының, сондай-ақ алаяқтықпен қорқытып алушылықтың заттары бірдей, соған орай олардың объектілері де бірдей анықталады” деген дұрыс пікір келтіреді [5].

Шариғатта зиянның салдарын мүлікке келтірілген зақым бойынша анықталатындығы мәлім. Қылмыстық заңда анықталғандай көрсетілген жағдайларда ғана қылмыстың заты туралы айтуға болатындығын дәріптейді [6, 15-19 бб.].

Мұсылмандық қылмыстық құқығы тізімінде қылмыстардың объектісін, әсіресе оның затының мөлшерін толық анықтау - адамның қылмысты әрекетін дұрыс дәрежелеумен қатар, оған тиісті жазаның түрін белгілеуде көмек береді.

Шариғаттағы қылмыс түрлері жалпы объектілерден тұрады демей, керісінше оларды қылмыстың тікелей объектісі ретінде талдау керек. Мысалы, адам өлтіру қылмысының тікелей объектісі адамның өмірі, денсаулыққа зардап келтіруде адамның денсаулығы. Опасыздықпен айыптау, яғни жала жабуа адамның абырой-намысы, ислам дінінен безуде дін негіздері және басқа да қылмыстың объектісі болуы мүмкін. Жоғарыда аталған тікелей объектілердің ішінде адамның қадір-қасиеті туралы Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 130-бабы бойынша "жала жабу - басқа адамның абыройы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін немесе оның беделін түсіретін көрінеу жалған мәліметтер тарату" деп көрсетілген. Бұл дегеніміз шариғат пен мемлекет заңдарының үндестігінің бір белгісі.

Сонымен, мұсылмандық қылмыстық құқықта адам қылмыс жасаса, қоғамға келтірген залалдары үшін қылмысына сай жазаланады. Сонымен бірге қылмыс объектісін, әсіресе оның затын анықтау, қылмыстарды іріктеу, әрбір қылмыстың қоғамға қауіптілік деңгейін талдау және қазылар тарапынан қылмыстық заңды әділ бағалау мәселелері оларда өзектілік білдіреді.

Шариғаттағы қылмыстың объективтік жағы. Қылмыстық заңдармен қорғалатын объектіге қарсы бағытталған қоғамға қауіпті әрекет немесе әрекетсіздіктің сыртқы көрінісін сипаттайтын белгілер қылмыстың шындық жағын мазмұндайды.

Әрекет немесе әрекетсіздік тек заң жағынан қорғалатын объектіге қарсы бағытталған болса, яғни қоғамға қауіпті болса, қылмыс деп саналады. Қоғамға қауіпті болмаған әрекет немесе әрекетсіздік қылмыстың белгілері болмағандығы үшін қылмыс деп саналмайды.

Қылмыстың объективтік жағы болмаса, қылмыстың объектісіне шабуыл болуы мүмкін емес, субъектінің ойында әрекеттің объективтік белгілерін анық көрсететін субъективтік жағы да және қылмыстың субъектісі де болмайды. Қылмыстың басқа элементтерімен бірге, оның объективтік жағы да қылмыскер жасаған күнәнің дәрежесін анықтайды және оған тиісті белгіленетін жазаға әсерін тигізеді.

Шариғатта жасалған қылмыстың объективтік жағын анықтайтын бірқатар белгілер барлығын байқаймыз. Мысалы, ұрлық, тонау, қарақшылық және басқа да қылмыс құрамдарының объективтік жағын талдағанымызда, олардың қоғамға қауіптілігін және құқыққа қарсы әрекеттерден тұратынын көреміз.

Аталған меншікке қарсы бағытталған қылмыстардың бір-бірінен мүлікті заңсыз иелену тәсіліне қарай, яғни қылмыстың объективтік жағы бойынша ажыратылатыны белгілі. Сонымен қатар, мұсылмандық қылмыстық құқықта зекет төлемеу, келісімдер бойынша міндеттерді орындамау, төгілген қан үшін ақы төлемеу, рамазан айында ораза ұстамау және негізгі діни қағидаларды орындамау сияқты қылмыстарды объективтік жағынан қарағанда әрекетсіздікпен жасалатынын байқау қиын емес.

Заң бойынша ғұрыптарды атқару қоғамдық тәртіпті бұзумен немесе азаматтардың құқықтарына қол сұғатын әрекеттермен ұштасса, ондай діни ғұрыптарды атқаруға кедергі жасау заңды әрекет болып табылады, демек, қылмыс болып табылмайды [7, 107 б.].

Айтып өткендей, кез келген әрекет немесе әрекетсіздік қылмыстың объективтік жағының негізгі белгісі бола алмайды. Тек қоғамға қауіпті және құқыққа қарсы әрекет пен әрекетсіздік қана қылмыс құрамының объективтік жағын құрайды.

Қылмыстың объективтік жағы - адамның нақты әрекет қылығымен объектіге келтірілген шығынды көрсететін және қылмыс деп танылатын қоғамдық қауіпті әрекетке негізделетін қылмыстық заңмен қорғалатын объектіге қол сұғушылықты көрсетудің заңи нысаны [8, 48 б.].

Мұсылмандық қылмыстық құқықта зорлау қылмысы некеде болмаған еркек пен әйелдің жыныстық жақындықта болуы ретінде түсіндіріледі. Шариғатта неке қасиетті болып саналады. Некесіз бірге

тұру қатты қараланады. Үйленген кісі бала тәрбиелеп, оның қоғамның лайықты мүшесі болуын қалайды, сонымен ұрпақтардың жалғастырылуын шариғат бойынша жалғастырған болып шығады. Зорлау әрекеті әдепке қарсы болып, адамдардың адамгершілік нұрын сөндіреді, заңға қарсы, қоғамда қараусыз қалған балалардың тууына себеп болады.

Құрандағы әл-Исра сүресінің 32-аятында: “Аллаға арамдық жасаған кісіні өлтірмеңдер! Бірақ тиісті болса, өлтіріледі. Ал біреу жазықсыз өлтірілсе, сонда өліктің иесін ерікті еттік. Өлтіру де шектен аспасын. Өйткені оған жәрдем етіледі. (Өш алынады)”- делінген.

Шариғаттағы қылмыс субъектісі. Қылмыс құрамының маңызды белгілерінің бірі қылмыс субъектісі болып саналады. Қылмыстық құқық пәні бойынша қылмыс деп танылған қоғамға қауіпті әрекет жасағаны үшін жауаптылыққа тартылуға тиіс адам қылмыстың субъектісі деп саналады.

Мұсылмандық қылмыстық құқығында қылмыстың субъектісі мәселесіне ерекше көңіл бөлінген. Шариғатта да қылмыстың субъектісі адамның жасаған қылмысты әрекеттерін ашу, оны құқық жағынан дұрыс бағалау, кейде айыптыны қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босату мәселелерін шешуде маңызды әсері бар.

Шариғат бойынша есі дұрыс, өз іс-әрекеттеріне өзі жауап бере алатын, яғни өз жүріс-тұрысын түсінетін және өз әрекеттерін басқару қабілетіне ие болған кез келген адам қылмыстың субъектісі бола алады. Сонымен қатар, қылмыстың субъектісі тек есі дұрыс болып қана қоймай, есі дұрыс адам кәмелетке толған болуы керек деп көрсетілген. Шариғатқа дейін бірқатар ғылыми шығармаларда қылмыс жасаған адамды қылмыстың субъектісі деп айту үшін, ол анық бір жасқа жеткен және есі дұрыс болуы керектігі айтылған. Мысалы, Абу Юсуфтің шығармаларына қарап, кәмелетке толғандығы күмәнді болса немесе 15 жасқа толмаған жасөспірімдерге, сондай-ақ етек кірі келмеген немесе 15 жасқа толмаған қыз балаларға хаддтың бірде-бір түрі белгіленбегенін байқаймыз [9]. Ол өз ойын теория жағынан негіздеу мақсатында хадистерден келесі мысалдарды келтірген. Мұхаммед Пайғамбар Омар Хаттабты соғысқа жіберу мақсатында жасы нешеде екенін сұраған, сонда Омардың 14 жаста екендігін біліп, “әлі де жассың” деп оны жауынгер қатарына қабылдамаған. Арада біраз уақыт өткеннен кейін Омарды тағы да шақырып неше жасқа толғанын сұрап, оның 15 жасқа толғанын есітіп, оған соғысқа қатысуға рұқсат берген екен. Омар Ибн Хаттаб халиф болған кезде (шариғат қағидаларының орындалуын тексеретін адам) жергілікті әкімдерге келесі мазмұнда хат жолдапты: кім он бес жасқа толған болса, ол әскер қатарына қабылдансын, бұл жасқа жетпеген балаларға көмек көрсетілсін. Халиф Абу Бәкірге кәмелетке жетпеген, ұрлық жасаған жасөспірім келгенде, оған жаза қолданылмаған. Сол

кездегі шейхтардың бірі: “ұл жасөспірім 15 жасқа толса, оның берген күнәлігі қабылданады және оған тиісті хадд жазасы қолданылады”- деп жауап берген. Тағы бір хадисте тұрмысқа шыққан жас қыз күйеуімен жыныстық байланыста болған жағдайда және бір кісімен опасыздық жасаса, оның етек кірі келмегенше хадд қолданылмайды” - деп сонымен қылмыс субъектісінің жасы 15 жас деп белгіленген.

Француз ғалымы Р. Шарл мұсылмандық қылмыстық құқығында қылмыс субъектісінің түсінігі терең зерттелгенін жоғары бағалап, “Мұсылман құқығында есі дұрыс, дін және азаматтық құқық талап ететін дәрежеде өз қылмысы үшін жауап бере алатын адам жасаған қылмысы үшін толығымен жауапты деп саналады. Адамның есінің дұрыс болмауы жауапкершіліктен босататын жағдай деп саналады” деп айтқан [10, 43 б.]. Кеңес уақытындағы ғалым М. Муллаев Р. Шарлдің осы ойына қарсы пікір келтіріп, “Р. Шарлдің бұл көзқарасы дұрыс емес еді. Мұсылмандардың сот жүргізу сараптамаларында қазылар ешқашан айыптының есі дұрыстығының, оның кәмелетке жеткен-жетпегендігінің қамын жемеген” деп көрсеткен [11, 53 б.].

Біз М. Муллаевтың бұл пікірімен келіспейміз. Себебі мұсылмандық қылмыстық құқығындағы есі дұрыстықты және адамның кәмелетке жеткендігін анықтау қажеттігі туралы заңның талабын орындамаған және бұл мәселеге шын көңіл бөлмеген, қылмысты қарауда заң бұзушылыққа жол берген санаулы қазылардың осындай әрекеттеріне бола бүкіл шарифат туралы зерттеудің келешегі жоқ деп айту негізсіз қорытынды деп санаймыз.

Мұсылмандық қылмыстық құқығында ақылы кем, ақылын жоғалтқандар, нәрестелер, ойы төмен, қатты ұйқыдағы және мақау кісілер есі дұрыс еместердің есебіне кіргізілген.

Шарифатта кәмелетке жеткендікті білдіретін ең кіші жас қыздар үшін – 9 жас, ер балалар үшін – 12 жас, ал мұсылман құқығында жалпы кәмелетке толу жасы 15 деп белгіленген. Демек, 15 жасқа толып қылмыс жасаған адамды қылмыстық жауапкершілікке тартып, жазалау мүмкін болған. Бірақ түрлі діни қағидаларға сүйенген құқықтанушы ғалымдар 12 жастан 15 жасқа дейінгі аралықтарда қылмыс жасаған жасөспірімдерге тек жазалау түріндегі шараны қолдану туралы ойларды білдірген. Жалпы алғанда, мұсылмандық қылмыстық құқығында қоғамға қауіптілігі төмендеу болған қылмыстарға жеңіл жаза түрлері қолданылып, 18 рет ұру, ескерту, қоғамдық ортада ұялту, тағы да осы сияқты жаза шаралары қолданылған. Бірақ жоғарыда айтылғандай, жасөспірімдерге қатысты хадд, өш алу немесе айыппұл жазаларының орнына тек жазалау түріндегі шараларды пайдалануды мақсатқа жетуге дұрыс келеді деп санайтын кейбір құқықтанушы ғалымдардың ойларын кездестіруге болады. Баяндалған деректерге қорытынды жасасак, онда мұсылман құқығындағы

Ханафи мазхабының құқықтанушылары 15 жасқа толған және есі дұрыс адамдар қылмыстың субъектісі бола алады деп санаған [12, 123 б.].

Шариғаттағы қылмыстың субъективтік жағы. Қылмыстың субъективтік жағы дегеніміз, қоғамға қауіпті іс-әрекет жасаған адамның психикалық сезімдерін білдіретін қылмыс құрамының ішкі жағының белгілері болып табылады. Әртүрлі қылмыстар әртүрлі ниетпен және мақсатпен жасалады, соған сәйкес кінә нысаны да әртүрлі болады. Сондықтан әр қылмысты саралауда кінә нысаны, қылмыс мақсаты мен ниеті анықталуы қажет. Осы түсініктердің барлығын қылмыстың субъективтік жағы біріктіреді. Қылмыстың субъективтік жағының қажетті белгісі - кінә, яғни қасақаналық немесе абайсыздық, себеп және мақсат жатады. Адамның әрбір жасаған іс-әрекеті ниетіне қарай бағаланады. Алла Елшісі Мухаммед Пайғамбарымыздың (с.а.у.) айтқандай, әрбір іс белгілі бір ниетпен жасалады, және сол ниетіне байланысты адам жазаланады. Демек, шариғат кінәнің қасақана және абайсызда болып бөлінетінін сол заманда-ақ айқындап қойған. Сонымен, қылмыстың субъективтік жағы – бұл адамның істелетін қылмыс пен оның зардаптарына психикалық қатысы екендігі [13, 70 б.].

Мұсылмандық қылмыстық құқығына қатысты бірқатар ғылыми-теориялық шығармаларда қылмыстың субъективтік жағын суреттейтін негізгі белгі –кінәнің болуы, ал өш алу ниетімен жасалған қылмыстар болса, онда анық мақсаттың болуы алынады.

Шариғатқа арналған теориялық қайнар көздерде ауыр кінәмен жасалған қылмыстарды дұрыс дәрежеге назар бөлінген. Бір кісі екінші кісіні өлтіру үшін оқ атса, оқ осы адамға және басқа адамға да тисе және осы жағдайда екі адамды да өлтірсе, онда бірінші адамды кек алу мақсатында, ал екінші адамды абайсызда өлтірген деп бағаланады және айыппұл төлеу жүктелген.

Ауыр айыпты қылмыстарға шариғатта тағы да бір келесі мысалды келтіруге болады. Адамға келтірілген екі жарақаттың біреуі кек алу үшін, басқасы кексіз (абайсызда) болса, сол жарақаттар кісінің өліміне себеп болса, онда айыптының жақындары жарты айыппұлдың ақысын, айыптының өзі өз қалтасынан қалған жарты айыппұлдың ақысын төлеген. Бір адам екінші адамға қарумен (қылыш, таяқ және тағы басқалармен) оқталғанда, қорғалушының өміріне қауіп анық болса және қорғанушы шабуылдаушыны өлтірсе, оның әрекеті қажетті қорғаныс ретінде жасалған деп, мұндай жағдайлар қылмыс деп саналмайды. Қажетті қорғанудың тек қорғанушы жағынан емес, басқа адамдар жағынан да жасалуы назарға алынған.

Демек, қылмысты жасауда оның мақсатын анықтаудың да маңыздылығы бар. Осыған байланысты, қылмыстың мақсаты - себепке қарағанда, қылмыс жасаушы тұлға жетуге ұмтылатын нәтиже.

Психиканың ішінде жасырын жатқан әуестік пен сезімді қозғап себепке айналдыратын - дәл осы мақсат. Істің түрі оның тәсілі мен құралы осы мақсат әрқайсы жеке түсінік болғанымен, себептің түрткі, мақсаттың қылмысты іс барысындағы қалаулы ақтық нәтиже екендігін ескере отырып, оларды бір-бірінен ажырату керек [14, 76 б.].

Кінәсіздік презумциясы институтының да шарифатпен бекітілгенін айта кетейік. Дәлелдемесіз айыптаудың өзі сот отырысының қарауына жататын қылмыс болып есептеледі. Сондықтан Пайғамбарымыз (с.а.у.) әйелін неке адалдығын бұзды деп айыптаған сахабаларының біріне: "Дәлелде! Әйтпесе жаза сенің мойныңа жүктеледі!" деген. "О, Алланың Елшісі! Өз әйелінің қасында басқа еркекті көргенде, неге дәлел іздеуі керек?" - деп қарсы пікір білдірді. "Дәлелде! Әйтпесе жаза сенің мойныңа жүктеледі!" - деп Пайғамбар (с.а.у.) қатқыл жауап берді. Әрине, әр адам әйелімен ажырасуды өзі біледі, бірақ неке адалдығын бұзды деген қылмысты жазалау үшін шарифат талап еткендей дәлелдемесі болуы керек.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің баптарына арқау болған шарифат талаптарын тізбектеп көрейік. Мысалы, Құран "Исра" сүресі 31-аятында: "Бір де кедейшіліктен қорқып, балаларыңды өлтірмеңдер. Біз оларды да, сендерді де қоректендіреміз. Расында оларды өлтіру зор қателік." делінген. Бұл біздің Қылмыстық кодексте "Заңсыз түсік жасату" 319-бабының мазмұнына саяды.

"Нұр" сүресі 2-аятында: "Зинашы әйел мен ердің әрбіріне жүз дүре соғындар. Егер Аллаға, ақырет күніне сенсеңдер; оларға жұмсақтықтарың ұстамасын. Әрі екеуінің жазасын мүміндерден бір тобы көріп тұрсын." делінген. Сонымен қатар, ислам дінін ұстанатын біраз елдерде шарифат бойынша неке адалдығын бұзғаны үшін қатаң жаза қолданылады, яғни өлім жазасының ерекше түрі - раджм (таспен ұрып өлтіру). Бұл Мұса Пайғамбардың заңдарында көрсетілген жаза болатын. Ол белінен жерге зинақор әйелді көміп, бірнеше адам таспен ұру әдісімен жасалады. Тас орташа көлемде болуы тиіс: бірінші соққыдан өлтіре салатындай үлкен де, зақым келтірмей, жан-жаққа ұшып кететіндей кішкентай да болмауы керек. Гомосексуализм мен жасөспірімдерді айналдырғаны үшін "катль" - ұрып өлтіру, өмірінен айыру, асу, ату өлім жазасы тағайындалады. Сүннеттік мазхабты ұстанатындар Пайғамбарымыздың (с.а.у.) сөзін сөзбе-сөз талқылап, гомосексуалистер үшін үстіне қабырғаны құлату жазасы қолданады, мысалы, Ауғанстан талибандары тас қабырға астына салып, бульдозермен құлатқан. Бірақ шиіттік мазхабты ұстанатын әлемде бұл жаза қолданылмайды. Бұл аят мазмұны жағынан біздің мемлекетіміздің Қылмыстық кодексінде "Жезөкшелікпен айналысуға тарту" 308-бабымен ұқсас. Бұл жерде пайдакүнемдік мақсатпен әйел жынысты адамдарды күш қолдану немесе

оны қолдану қатерін төндіру, тәуелді жағдайын пайдалану, бопсалау, мүлкін жою немесе бүлдіру жолымен не алдау арқылы өз еркінен тыс жыныстық қатынасқа түсуге мәжбүрлеу ғана сөз болып отыр. Ал біздегі кемшіліктердің бірі - өкінішке орай, жезөкше қылмыскер болып саналмау және жезөкшенің өзіне жаза тағайындамау, өз еркімен сол іске баратындарға мемлекет тарапынан жаза қолданылмау. Мемлекет мүмкін діндегі дүре соғу жазасын қолданбаса да, айыппұл төлеуді міндеттеу керек.

Қарақшылық. Мұсылман зерттеушілері қарақшылықты белгілі бір қатаң жаза тағайындалған маңызды қылмыстардың бірі деп есептейді. Құранның "Мәида" сүресі 33-34 аятында: "Алла және Елшісімен жағаласқандардың және жер жүзінде бұзақылық жасап жүргендердің жазасы: Өлтірілулері, не асылулары, яки, қол-аяқтарының қиғашталып кесілулері немесе жерден айдалулары. Бұл олардың дүниедегі жапасы. Және олар үшін ақыретте ірі азап бар. (33) Бірақ сендердің оларға ықпалдарың жүруден бұрын тәубе қылғандар басқа. Сонда Алла (Т.) ның аса жарылқаушы, ерекше мейірімді екенін біліңдер. (34) делінген. Құқықтанушылардың осы ережені еркін түсіндіруі мұсылман заңдарының нормаларын қалыптастырудағы жетекші рөл атқаратынын көрсетеді. Ең алдымен, Құранның сөздерін Пайғамбардың өмір салтымен салыстыра отырып, жолда жүрген жолаушылардың мүліктерін иемденіп алу үшін қарулы шабуылдың жауапкершілігі туралы деп тапты. Мұндай норма енгізудің негізі шынайы тарихи оқиға болуы мүмкін. Бір нұсқаға сәйкес, пайғамбар бедуин мұсылмандарының (қажылардың) тобына науқастарды емдеу үшін және демалу үшін Мединаға бірнеше күн бойы тоқтауға рұқсат берді. Дегенмен, бұл мейірімділіктің өтемін қайғымен өтейді - олар жолда құрбандыққа арналған түйелерді айдаушыға шабуыл жасап, оны өлтіреді, жануарларды өздерімен алып кетіп, жасырынады. Бұл туралы білген соң, Пайғамбар Құранның аятын сәйкесінше жүйеледі. Егер бұл қылмыстың құрбаны мұсылман болса, ал тоналған мүлік оның жеке меншігінде және ол меншік иесі болса, жауапкершілігін ақыл есі дұрыс, кәмелет жасына толған, ересек мұсылман адам ғана көтеруі мүмкін. Қылмыскер мен жәбірленуші туыстық қарым-қатынаста болмауы керек.

Қарақшылыққа тағайындалған жаза шаралары салдарға байланысты анықталады. Мәселен, шафиилердің пікірі бойынша, егер қылмыс кісі өлтіру мен мүлікті алып қоюмен қатар жүрсе, онда құқық бұзушы өліммен және шегелеумен жазаланады; мүлікті алмай, иесін өлтіргенде - өлім жазасы; жолаушыны өлтірмей, мүліктен айырса - тоқсандық, ал жолаушыны өлтірмей, оның мүлкін иеленбестен қарапайым қорқыту - билеушінің қалауы бойынша бас бостандығынан айырумен жазаланады. Құранның ережелеріне сүйене отырып, мұсылман

ғалымдары қылмыскер биліктің қолына түспестен бұрын өкінуі оны Құран бекіткен ережеге сәйкес жауапкершіліктен босатады, сондай-ақ діни тазартумен (каффара) қатар құзыретті органның (тазир) қалауы бойынша жазалауға болады деген қорытындыға келді. Қазіргі біздің мемлекет заңы бойынша, яғни, ҚК-тің 192-бабы қарақшылық бөтеннің мүлкін жымқыру мақсатындағы шабуылға ұшыраған адамның өміріне немесе денсаулығына қауіпті күш қолданумен немесе тікелей осындай күш қолдану қатерін төндірумен ұласқан шабуыл деп танылып, мүлкі тәркіленіп, үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Шариғат заңдары бойынша қорғалатын құндылықтардың бірі - жеке меншік. Жеке меншік дегенде, ең алдымен, көз алдымызға жер мен тұрғын үйді елестетеміз. Жеке тұрғын үйге құқықты ислам діні 7-ғасырда заңды түрде бекіткен. Исламның құқықтық заңнамасына сәйкес, үй иесінің рұқсатынсыз үйге кіруге тыйым салынған. Құранның "Нұр" сүресінің 27-аятында айтылады: "Әй, Мүміндер! Өз үйлеріңнен басқа үйге рұқсат алмайынша, әр үй иесіне сәлем бермейінше кірмеңдер. Бұл сендер үшін қайырлы. Мүмкін сендер түсінерсіңдер" делінген. Бұл аят бірнеше қылмыстың басын біріктіре алады. Себебі, үй - жеке меншік. Ал біздің қолданыстағы заңнамада бүтін бір тарау меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылыққа арналады.

"Рахман" сүресі 8-9 аяттары: "Өлшеуде шектен шықпаңдар. Сондай-ақ тартуды әділетпен орындандар, таразыда кемітпеңдер. " Бұл аят біздің заңнаманың "Алаяқтық" 190-бабына арналғандай.

Бүкіл әлемді дүр сілкіндірген, бейбіт тұрғындардың үрейін тудырған, қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпке қарсы құқық бұзушылықтардың бірі - терроризм мен экстремизм. Әлем халқы, халықаралық ұйымдар - барлығы дерлік экстремизм мәселесін исламмен байланыстырып, мұсылман халқын жаһандық қатер туғызатын дін өкілдері деген көзқараста.

Терроризм - діни емес, әлеуметтік феномен, бірақ көптеген жағдайларда террористер саяси мақсаттарын діни ұрандардан жасырады. Исламның терроризммен ешқандай байланысы жоқ: саяси мақсаттарға қол жеткізу үшін зорлық-зомбылыққа душар еткен адамдардың мақсаттары мен әдістерін, ислам дінін өз мақсаттарына пайдаланып, бұрмалап отырған ұйымдардың әрекетін Құран мен Сүннет ақтап ала алмайды.

Адамның өміріне, денсаулығына қауіп төндіру қоғамға қауіп төндірумен барабар. Бұл әрбір мемлекеттің заңдарында бірінші орында тұрған қылмыс. Құранда "Кімде-кім кісі өлтірмеген немесе жер бетінде бұзақылық жасамаған жазықсыз адамды өлтірсе, күллі адамзаттың қаны төккендей болады" (Мәида сүресі, 32-аят) делінген. Ибн Омар (р.а)

жеткізген хадисте: "Аллаһ Елшісі (с.а.у): "Мұсылман - мұсылманның бауыры. Нағыз мұсылман бауырына озбырлық жасамайды, оны сатпайды" деп ізгілікке шақыруда. Кінәсіз азаматтардың өміріне жасалған қастандық - бұл үлкен күнә. Егер Аллаһ тыйым салған адам өмірінен айыру қылмысын жасауға тырысса, ол кез келген адамды өлтіруге дайын екенін білдіреді. Сондықтан адамзаттың өліміне тең келетін күнә деп есептейді. Оның ауырлығы - террористік актілердің құрбандары жиі әйелдер мен балалар. Ал Ислам тіпті соғыс уақытында да олардың өміріне қол сұғуға тыйым салады. Терроризм агрессиямен, зорлық-зомбылықпен және өлтірумен тікелей байланысты. Ислам догмаларына келетін болсақ, ол кез келген әділетсіздікті, соның ішінде зорлық-зомбылықты жоққа шығарады. Шынайы мұсылман ешқандай түрде террор мен экстремизмді қабылдамайды. Ал егер біреу жақсы мақсатқа жетуге үміттеніп, жамандық жасап, адамдарға бақытсыздық әкелсе, ол өз жолынан таяды. Ислам адам мен қоғамның қорғалуына және жақсаруына қызмет етеді. Демек, бұл қылмыстың да бастауы Құранда.

### ***Қорытынды***

Сонымен мақала нәтижесі мынадай қорытындыға келеді: біздің елдің заңнамасындағы қылмыс ұғымы мазмұны жағынан шарифатпен сабақтасады, мемлекет заңнамасының түп негізі, қайнар көзі шарифат екені көрінеді. Шарифаттағы "қылмыс" ұғымын мемлекет Кодексімен салыстырғанда, "қылмыс-қоғамға қарсы қауіпті іс-әрекет" деген ойдың бір арнаға тоғысатындығымен тұжырымдалады.

Сотқа дейінгі келісім мен соттан кейінгі жаза тағайындаудың да, ауырлататын, жеңілдететін мән-жайлар, кінәсіздік презумпциясы да шарифаттан бастау алған. Қолға түскен деректерді талдау барысынан мұсылмандық қылмыстық құқығының қазіргі күнгі біз қолданып жүрген қылмыстық құқықпен қандай да бір ұқсастықта болғандығына көз жеткіздік.

Шарифат - жинақталған біртекті тұтастық. Егер адам оның негізгі ұғымдарын, мақсаттарын және құрылымын түсінетін болса, ол тек адамгершілік пен әділетті қоғам, адамзат үшін бейбітшілік екендігі туралы қорытындыға келу ғана қалады. Осы заманғы ғалымдардың ашып жатқан жаңалықтары мұсылман үшін таңсық нәрсе емес, себебі мұсылмандар қаншама ғасырлар бойы өз мәртебесін жоғалтпаған Құраннан жауап тапқан. Тоқсан сөздің тобықтай түйіні Құранның "Набә" сүресі 26-аятында айтылған: "Қылмыстарына сай бір жаза."

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. "Шариат: преступление и наказание" <http://islam.kz/ru/articles/islam-i-nauka/raznoe/shariat-prestuplenie-i-nakazanie-466/#gsc.tab=0>

2. Уикипедия <https://ru.wikipedia.org/wiki/Шариат>
3. Калкаева Н.Б. Шариғат бойынша қылмыс пен жаза. - Алматы, 2010. - 312 бет.
4. Зиманов С., Өсеров Н. Қазақ әдет-ғұрып заңдарына шариаттың әсері: монография. - Алматы: Жеті жарғы, 1998. - 128 бет.
5. Әпенев С.М. Қылмысты квалификациялаудың ғылыми негіздері. - Алматы: Заң әдебиеті, 2006. - 332 б.
6. Советское уголовное право. Часть общая: В 18-ти вып / Гельфер М.А. Объект преступления. - М.: ВЮЗИ, 1960. - Вып. 5. - 20 с.
7. Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық. Ерекше бөлім: Оқулық. Өңделген толықтырылған, 2- басылымы. - Алматы: Жеті жарғы, 2003. – 560 б.
8. Тер-Акопов А.А. Бездействие как форма преступного поведения. - М.: Юрид.лит., 1980. – 151 с.
9. Абу Юсуф Йакуб. Китабал-Харадж: Хрестоматия по исламу / Пер. с арабского, введения и примечания. - Москва: Наука, 1994. – 320 с.
10. Шарл Р. Мусульманское право. – М., 1959. – 170 с.
11. Муллаев М.М. Происхождение и реакционная сущность шариата. – Душанбе: Ирфон, 1967. – 203 б.
12. Пантелеев В.А., Козочкин И.Д., Лихачев В.А. Уголовное право развивающихся стран. – М.: Университет дружбы народов, 1988. – 280 с.
13. Уголовное право Республики Казахстан. Общая часть: Учебник / Под. ред. И.И. Рогова, С.М. Рахметова. – Алматы: Норма-К, 2005. - 296с.
14. Рахметов С.М., Бапанов Т.Ә. Қылмыс құрамы - Алматы: Баспа, 1999. - 86 б.